

1. Цементтің маркасын анықтайтын негізгі көрсеткіш
 - A) клинкердің минералдық құрамы
 - B) цементтің су қажеттілігі
 - C) иіліп және қысып сындырғандағы беріктік
 - D) цементтің ұнтақтылық дәрежесі
 - E) цементтің қатаю мерзімі
2. Күптірілген жылуоқшаулағыш және акустикалық материалдардың негізгі шикізаттары
 - A) перлит, вермикулит
 - B) гравий, саз
 - C) каврц, кварцит
 - D) гипс, ангидрит
 - E) магнезит, доломит
3. Полимерлік материалға қосатын толықтырғыштың түрі бойынша жіктелуі
 - A) қатты, сұйық
 - B) жасанды, табиғи
 - C) жартылай қатты
 - D) ерекше кеуекті
 - E) синтетикалық, сұйық
4. Дегть байланыстырғышының ерекшелігі
 - A) балқу температурасы жоғары
 - B) антисептикалық қасиеті жоғары
 - C) қышқыл ортаға төзімді
 - D) аязға төзімділігі өте жоғары
 - E) жанғыштық температурасы төмен
5. Дымқыл әдіспен керамикалық массаны дайындау кезінде саз қамырының ылғалдылығы
 - A) $W > 30\%$
 - B) $W > 9\%$
 - C) $W = 17...22\%$
 - D) $W > 15\%$
 - E) $W = 7...12\%$
6. Көбікті полистиролдың абсолюттік (шынайы) тығыздығы (кг/м^3)
 - A) 350 - 500
 - B) 500 - 800
 - C) 500 - 750
 - D) 700 - 1000
 - E) 1100 - 1200

7. Саздың балқу интервалы
- A) күйдіру нәтижесінде бұйым көлемінің кішіреюі
 - B) бұйымның кебуі нәтижесінде оның көлемінің кішіреюі
 - C) бұл саздың балқу температурасы мен пісу температурасының арасындағы айырмасы
 - D) кептіру және күйдіру нәтижесінде бұйым көлемінің жалпы өзгеруі
 - E) бұл саздың балқу температурасы мен отқа төзімділігінің арасындағы айырмасы
8. Қиыршықтас және ірі құм борпылдақ механикалық шөгінділер d бөлшектерінің өлшемдері
- A) $d < 0,005$
 - B) $d > 5$ мм
 - C) $d = 0,005 - 0,050$
 - D) $d = 0,05 - 0,5$ мм
 - E) $d = 0,05 - 5,00$
9. Тозаң борпылдақ механикалық шөгінділер d бөлшектерінің өлшемдері
- A) $d = 0,005 - 0,050$
 - B) $d = 0,05 - 0,5$ мм
 - C) $d < 0,005$
 - D) $d = 0,05 - 5,00$
 - E) $d > 5$ мм
10. Ағаштың сыртқы қабығының міндеті
- A) сыртқы механикалық ақаудан сақтайды, ағаштың шіруін болдыртпайды
 - B) атмосфералық құбылыстан сақтайды, ағаштың шіруін болдыртпайды
 - C) атмосфералық құбылыстан және сыртқы механикалық ақаулардан сақтайды
 - D) ағаштың шіруін болдыртпайды
 - E) атмосфералық құбылыстан және ішкі механикалық ақаулардан сақтайды